



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 16-13-68Д/С

Құрметті депутаттар!

«Байқоңыр» ғарыш айлағының қызметіне қатысты сауалды қарастырып, келесіні хабарлаймыз.

«Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені бойынша бүгінгі таңда жұмыстар белсенді сатысында тұр. «ЦЭНКИ» АҚ (бас әзірлеуші ұйым) конструкторлық және пайдалану құжаттамасын әзірлеуді, технологиялық жабдықтарды дайындауды жалғастыруда. 2024 жылдың қыркүйегінде «Байқоңыр» ғарыш айлағына зауыттық сынақтан өткен алғашқы технологиялық жабдық жеткізілді.

Қазақстан тарапынан жоба тиісті инфрақұрылым құрылысын қаржыландырудың қажетті көлемімен қамтамасыз етілген. 2025-2027 жылдарға республикалық бюджетте 63 млрд теңге қарастырылған.

2024 жылғы 25 қараша мен 8 желтоқсан аралығында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Бәйтерек» БК» АҚ өкілдерінен құралған бірлескен комиссия «Бәйтерек» ҒЗК құрамдас бөліктерінің жабдықтарын дайындау жөніндегі жұмыстардың нақты орындалуын тексеру үшін ресейлік кәсіпорындарға барды («ЦЭНКИ» АҚ-ның НИИСК филиалы (Мәскеу қ.), «Орион» АКБ» АҚ, «Компрессор» АҚ (Санкт-Петербург қ.), «ГКНПЦ им. М.В. Хруничева» АҚ-ның «Арматура» КБ филиалы (Ковров қ.), «Промышленные технологии» АҚ (Северодвинск қ.) және «Пожоборонстрой» ФТО» АҚ (Балашиха қ.).

Тексеру нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ҒЗК құру шартының талаптарына сәйкес нақты орындалған жұмыс көлемі расталды.

«Бәйтерек» ҒЗК объектілерін ұстау және пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Шериф-Н» ЖШС жеке мамандандырылған күзет ұйымы тартылды (ТТО объектілерін күзетуге 1-сыныпты лицензиясы бар).

«Бәйтерек» ҒЗК мемлекеттік күзетпен қамтамасыз ету үшін Ұлттық ұланды тарту мәселесі қосымша пысықталуда.

Ол үшін Үкіметтің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 «Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері» қаулысына сәйкес кешенді мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі талаптарға сәйкес келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«KazSat-3» спутнигін ауыстыруға қатысты бұл кезеңде «KazSat-3» спутнигін ауыстыру үшін ғарыштық байланыс жүйесін құру және пайдалануға беру» (бұдан әрі – «KazSat-3R» жобасы) бойынша жобалау алдындағы жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлаймыз.

Түрлі еуропалық және азиялық ғарыш техникасын өндіруші компаниялардың техникалық-коммерциялық ұсыныстары қаралды.

Қарастырылған ұсыныстарды талдау негізінде қазіргі уақытта экономикалық сараптамадан өтіп жатқан инвестициялық ұсыныс жасалды.

Спутникті құрудың болжамды құны 87,2 млрд теңгені құрайды, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 40,3 млрд теңге және «РҒБО» АҚ меншікті қаражаты есебінен 46,9 млрд теңге.

Бұл сома спутниктік байланыс арналары мен теле-радио хабарларын тарату қажеттілігін ескере отырып, жобаның инвестициялық тартымдылығы мен экономикалық тиімділігі үшін жеткілікті.

Экономикалық сараптамадан өту қорытындысы бойынша бас мердігер-өндірушіні таңдау заңнамаға сәйкес және ең үздік техникалық шешімдер мен экономикалық орындылықты ескере отырып, конкурс негізінде жүргізілетін болады.

Кадрлық мәселелерге қатысты Үкіметтің «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2023 – 2032 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» және «Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманы және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулыларын іске асыру үшін «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ-да (бұдан әрі – «ҚҒС» ҰК АҚ) бизнес-процестердің реинжинирингі жүргізілді.

«ҚҒС» ҰК» АҚ-да басқару жүйесін қайта ұйымдастыру нәтижесінде қызметкерлердің жалпы саны 236-дан 157 бірлікке дейін оңтайландырылды, онда басшы құрамның жалпы саны 60 бірліктен 20 бірлікке дейін төмендетілді, басқарма басшылары мен бөлім басшыларының лауазымдары жойылды.

Бос орындарды қысқарту және қызметкерлерді құрылымдық бөлімшелер арасында қайта бөлу есебінен нақты қысқартылған қызметкерлер саны 21 бірлікті құрады, оның ішінде 8 инженер, 3 әкімшілік персонал қызметкері және 10 өндірістік-көмекші персонал қызметкері.

Қызметкерлер санын оңтайландыру өндірістік персоналдың жалақы деңгейін орта есеппен 53 %-ға, әкімшілік-басқару персоналының жалақысын 10 %-ға арттыруға мүмкіндік берді.

Қысқартылған қызметкерлерге Еңбек кодексіне сәйкес жалпы сомасы 5,9 млн теңгеге өтемақы төлемдері жүргізілді.

Қазіргі уақытта инженерлік кадрларды, оның ішінде космонавтика саласында даярлау «Инженерия және инженерлік іс» бағыты шеңберінде жүзеге асырылады.

2024 жылға «Әуе көлігі және технологиялар» және «Ғарыштық инженерия» білім беру бағдарламаларының топтары бойынша 395 грант бөлінді.

Жыл сайын Байқоңыр қаласындағы Мәскеу авиациялық университетінің «Восход» филиалында «Ұшу аппараттарын сынау» мамандығы бойынша оқуға 25 грант бөлінеді.

Жоғары оқу орындарының студенттері ғарыш саласындағы кәсіпорындарда өндірістік және диплом алдындағы тәжірибеден өтеді, олардың ең жақсылары ғарыш саласындағы өндірістік кәсіпорындарға жұмысқа қабылданады.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындары шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтасады: Берлин техникалық университеті (*Германия*), Палацкий университеті (*Чехия*), Карлос III университеті (*Испания*), С.П. Королева атындағы Самара мемлекеттік аэроғарыш университеті (*Ресей*), Пенза мемлекеттік университеті (*Ресей*), Ұлттық авиация академиясы (*Әзірбайжан*) және басқалар.

Сонымен қатар, білім, ғылым және өндірістің интеграциясын дамыту үшін 2024 жылы ғарыш саласы кәсіпорындарымен және жоғары оқу орындарымен бірлесіп оқушылар мен студенттерге арналған «SPACE Hack 2024» және «SPACE DAY 2024» хакатондары өткізілді.

Ғарыш саласын дамыту мәселелері Үкіметтің бақылауында.

О. Бектенов

Тізім:

Сарыбаев Ғ.
Ершов С.
Жексенбай Б.
Қыдырәлі Д.
Нұғманов А.
Сатвалдиев А.
Шиповских Г.